

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.300-301

«ҚАЗАҚСТАН ЖЫЛЫЖАЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗАНАҚТЫ ӨНДІРУ

Ергешев Қ.Т.

Қазақстанның климат-табиғат жағдайлары көкөніс дақылдарын өндіру бойынша елдің барлық аумағында тек маусымдық сипатқа ие. Сондықтан еліміздің тұрғындарын жыл бойы көкөніс пен қамтамасыз етуде, әсіресе солтүстік аймақтарда қорғалған топырақ жағдайында өсімдік өндірудің маңызы зор.

Бүгінгі таңда қорғалған топырақта көкөніс дақылдарының жалпы өнімділігі 16 мың тоннаны ғана құрайды. Бұл тек еліміздің көкөніске деген қажеттілігінің-18,3%-дықұрайды. Қазіргі таңда еліміздегі нарықтағы көкөніс дақылдарының бағасының жоғары болуы, аталған мәселенің елімізде толық шешілмей отырғандығын аңғартады.

«Қазақстан 2050» ұлттық стратегиясы және «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында жаңа технологиялар енгізу есебінде жылыжайларда өсірілетін экологиялық таза өнімдерді өндіру міндеті тұр. Республикамыздың жылыжай құрылыстарын қайта салу және жаңарту үшін инвестициялық субсидиялау бағдарламасы барысында өнеркәсіптік жылыжай ғимараттарының ауданын ұлғайту арқылы жалпы өнімін 36 мың тоннадан (2012 ж.) 112 мың тоннаға дейін (2020 ж.) жеткізу жоспарлануда [1,2].

Қызанақ (*Lycopersicon*), томат, помидор - алқа тұқымдасына жататын бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер (кейде жартылай бұта). Оңтүстік Америкадан таралған. Оның 3 түрі бар. Қазақстанда 1 түрі: кәдімгі (ас) Қызанақ (*T. esculentum*) барлық жерде өсіріледі. Сабағының биіктігі 30-40 см-ден жоғары. Жапырағы қауырсын тәрізді. Гүлінің түсі сары, жемісі екі не көп ұялы жидек, пішіні әртүрлі. Салм. 25-500 г, кейде 800-900 г-ға дейін жетеді. Қызыл, сарғыш жемісінің құрамында 4,5 - 8,1% құрғақ зат, 3,5 - 8,5% органикалық қышқыл, минералдық тұздар, С витамині, В, РР тобының витаминдері, каротин бар. Жемісін тамаққа пайдаланады, тұздайды, шырын алады. Қызанақ жылу сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді. Өсуіне қолайлы температура 20-25С, температура 15С-қа дейін төмендегенде гүлдеуін, ал 10С-та өсуін тоқтатады. 1-2С градуста үсікке шалдығады. Жартылай түйіршікті, қарашірігі мол топырақта жақсы өседі. Әр га-нан ашық жерде өсіргенде 150-200 ц, ал жылыжайларда 1 м²-нен 12 -15 кг өнім алуға болады. [3,4].

«Қазақстанның жылыжай технологиялары» ЖШС қорғалған жерге күрделі технологиялар мен индустриялық-инновациялық гидропоника жүйесін ұсына отырып сапалы әрі мол өнім алуды көрсетіп отыр.

Шаруашылықтың мамандануы қорғалған жерде көкөніс және гүл өсіру үшін өндірістік желілерін бірегей орындау интеграцияланған жобалау, интеграция, монтаждау және іске қосу үшін жобаларды іске асыру болып табылады.

Қазақстанда теңдесі жоқ шаруашылық. Қазірдің өзінде жеткілікті тәжірибесі жинақталған шаруашылық мамандары жылыжай технологиялар саласындағы жылыжайлар құру бойынша ауқымды ғылыми және инженерлік-техникалық базасын әзірледі.

«ҚазАгроФинанс»АҚ ақпараты бойынша Степногордағы «Қазақстанның жылыжай технологиялары» ЖШС Ақмола облысына көп көлемде көкөністер жеткізіп отыр. Ақпаратқа сәйкес, 3,56 га аумақта АӨК-тегі инвестжобаларды жүзеге асыру аясында салынған заманауи жылыжай кешені елорда өңіріне өз өнімдерін жеткізе бастады. Құны 1,49 млрд теңге жобаны «Қазақстанның жылыжай технологиялары» ЖШС «ҚазАгроФинанс» АҚ-ның қолдауымен жүзеге асырды. Жылыжай жобалық қуатына шыққан кезде нарыққа 1800 тоннадан аса жаңа піскен жеміс-көкөніс өнімдері, соның ішінде 990 тонна қияр, 792 тонна қызанақ, 50 тонна көк шөп жеткізетін болады. Жоба Қазақстанның индустрияландыру картасына енгізіліп, ҮИИДБ аясында жүзеге асырылуда. «ҚазАгроФинанс» - ҚР үкіметінің қаулысымен 1999 жылы құрылған компания. Басты мақсаты - ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің қаржы құралдарына, лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасы мен технологиялық жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның аграрлық секторын дамыту. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрамына кіреді [5].

Елімізде аталған типтегі жылыжай кешендерінің тапшылығы халықты толыққанды отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012.
2. ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы. - 2013
3. Өтешқалиев А. Қызанақ, пияз, сарымсақ дақылдары және олардың емдік, тағамдық қасиеттері. - Алматы: Білім, 2007. – Б 96.
4. Шуваев В.А. Выращивание помидора.- 2012. – Б 28.
5. Интернет желісі <https://kaz.caravan.kz/news>

Ғылыми жетекшісі: Ф.Ж.Стыбаев а.и.ғ.к., доцент